

## Мұнайлы ауданының Батыр ауылдық округын құру туралы

Маңғыстау облысы мәслихатының 2011 жылғы 26 шілдедегі № 35/404 шешімі және Маңғыстау облысы әкімдігінің № 218 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 23 тамызда № 2104 тіркелді

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 30.05.2014 № 127 қаулысымен және Маңғыстау облысы мәслихатының 27.05.2014 № 17/265 шешімімен.**

Мұнайлы аудандық мәслихаты мен Мұнайлы ауданы әкімдігінің Мұнайлы ауданының Батыр ауылдық округін құру туралы ұсынысын қарай келіп, «Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11 - бабының 3 - тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Батыр тұрғын үй массиві «ауыл» санатына жатқызылсын.

**Ескерту. 1 -тармаққа өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 30.05.2014 № 127 қаулысымен және Маңғыстау облысы мәслихатының 27.05.2014 № 17/265 шешімімен (жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Қызылтөбе ауылдық округі құрамынан бөліп, шекарасы Батыр ауылы аумағындағы, орталығы осы ауыл болатын, Мұнайлы ауданының Батыр ауылдық округі құрылсын.

**Ескерту. 2 -тармаққа өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 30.05.2014 № 127 қаулысымен және Маңғыстау облысы мәслихатының 27.05.2014 № 17/265 шешімімен (жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Көшербаев

Сессия төрағасы

М. Дүйсенбаев

О б л ы с т ы қ

мәслихат хатшысы

Б. Шелпеков